

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 2-к бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 және "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулыларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті белгіленген мерзімде осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Келесі бұйрықтар жойылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 73 бұйрығы.

2) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 ақпандағы № 73 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 17 тамыздағы № 865-к бұйрығы.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2022 жылғы "13" қыркүйектегі
№ 2-к бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Комитетке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы ретінде қатынасуына құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Төрағаның бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, № 11 кіреберіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 08.04.2025 № 171 бұйрығымен.

9. Комитеттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысына шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-бөлім. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері және функциялары

13. Мақсаттары:

тілдерді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілді дамыту, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасын іске асыру саласындағы қызметін үйлестіру;

тіл реформасын жүргізу, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді қамтамасыз ету;

халықты мемлекеттік тілге оқытуды және Қазақстан халқының тілдерін үйретуді әдістемелік қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілді ғылым тілі ретінде дамыту, терминологиялық жұмысты жүйелендіру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз құзыреті шегінде құқықтық актілерді қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Министрлік жанынан консультативтік-кеңесші органдарды құру;

Комитеттің құзыреті шегінде шығармашылық сайыстарды (конкурстар, олимпиадалар, фестивальдар, ойындар), көрмелерді, конференцияларды, форумдарды, шеберлік сыныптарын, тағылымдамаларды және басқа іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

тілдерді дамытуға еңбегі сіңген тұлғаларды мемлекеттік наградаларға ұсыну туралы ұсыныс енгізу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыру;

тіл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

өз құзыретіне берілген мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тарту;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірулер дайындау;

Министрліктің құрылымдық бөлімшесі және мемлекеттік органдар бұл туралы ресми сұрау салған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен анықтамалар ұсыну.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 08.04.2025 № 171 бұйрығымен.

15. Функциялары:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл саясатын іске асыруын ведомствоаралық үйлестіру;

2) меншік нысанына қарамастан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамасының орындалуына мониторинг жүргізу, қажетті ақпараттық, әдістемелік қолдау көрсету;

2-1) әкімшілік рәсімдер шеңберінде арыз иелері жолданымдарда көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

3) мемлекеттік тілді дамыту, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру, әдістемелік, консультациялық жұмыстардың жүргізілуін үйлестіру;

4) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың мемлекеттік бағдарламасының орындалуын үйлестіру;

5) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру Тұжырымдамасының орындалуын үйлестіру;

6) алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 08.04.2025 № 171 бұйрығымен.

7) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оның халықаралық беделін нығайту;

8) мемлекеттік тілді ғылым тілі ретінде дамыту, терминологиялық жұмысты жүйелендіру;

8-1) Республикалық терминологиялық комиссияны құру және оның қызметін қамтамасыз ету;

8-2) терминологиялық жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

9) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар беру;

10) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы тиісті органдарға ұсыныстар енгізу;

10-1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

11) орталық мемлекеттік органдарда және олардың ведомстволарында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

12) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметті ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

13) тіл реформасын жүргізу, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді қамтамасыз ету;

14) қызметті ақпараттандыруға, мемлекеттік тілді үйретуге, оның қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ІТ-жобалардың әзірленуін және қолданысқа енгізілуін қамтамасыз ету;

15) мемлекеттік тілді үйрету жөніндегі оқу-әдістемелік құралдардың, сөздіктер мен анықтамалықтардың әзірленуін және шығарылуын қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру мәселелері бойынша қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс жасау;

17) мемлекеттік ұйымдардың мемлекеттік тілдегі іс жүргізуін латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне кезең-кезеңімен көшіруді үйлестіру;

17-1) қазақ тілінің емле қағидаларын әзірлеу және бекіту;

18) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді үйлестіру;

19) халықаралық қызметте мемлекеттік тілдің қолданылуын қамтамасыз ету, үйлестіру;

19-1) азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

20) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және басқа да тілдерінің беделін арттыруға бағытталған ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

21) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның жұмысын үйлестіру;

22) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның жанындағы орфографиялық, терминологиялық, әдістемелік, техникалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын үйлестіру ;

23) тілдерді дамыту бойынша мемлекеттік органдарға үйлестіру-әдістемелік көмек көрсету;

24) қазақ диаспорасына ана тілін сақтау және дамыту бағытында әдістемелік көмек көрсету;

25) ҚАЗТЕСТ қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша жұмыстарды үйлестіру;

25-1) "ҚАЗТЕСТ" қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды әзірлеу және бекіту;

26) Халыққа мемлекеттік тілді, Қазақстан халқы этностарының тілдерін және ағылшын тілін оқыту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

27) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік тілдегі құжатайналымына мониторинг жүргізу;

28) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес көрнекі ақпараттар бойынша қорытынды ақпарат әзірлеу;

29) комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүзеге асыру;

30) мемлекеттік тілдің цифрлық базасын дамыту, қазақ тілінің ұлттық корпусының публицистикалық мәтіндері кіші корпусын әзірлеу;

30-1) Қазақ тілінің ұлттық корпусын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31) Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлін күшейту үшін қажетті әдістемелік, ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету.

31-1) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

31-2) Қазақ тілінің ұлттық сөздік қорын қолдап отыру және дамытуға жауапты заңды тұлғаны айқындау;

32) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 23.12.2022 № 122-к; 09.06.2023 № 265; 17.10.2023 № 533; 08.04.2025 № 171 бұйрықтарымен.

3-бөлім. Комитет төрағасының мәртебесі мен өкілеттігі

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Комитеттің төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Төрағаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс береді;

2) Министрлікке Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені әзірлеу бойынша ұсыныстар береді;

3) Министрліктің Аппарат басшысына Комитет төрағасының орынбасарларын, Комитеттің басқа да қызметкерлерін тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ

оларды ынталандыру және тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар енгізеді ;

4) Министрліктің Аппарат басшысына Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, біліктілігін арттыру, көтермелеу, оған тәртіптік жаза қолдану және алып тастау мәселелері бойынша ұсыныс енгізеді;

5) Министрлік басшылығымен келісе отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен ведомстволық бағыныстағы ұйым басшысын тағайындайды;

6) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды, Комитет қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан әрекет етеді;

8) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шараларды қабылдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдауға дербес жауапты болады;

9) тілдерді дамытуға үлес қосқан тұлғаларды Құрмет грамоталарымен және алғысхаттармен марапаттау жөніндегі мәселелерді шешеді;

10) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

11) қызметкерлердің Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін, орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауын бақылайды;

12) Тіл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының бұзылғандығын анықтаған жағдайда ұйғарым береді.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Төраға өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-бөлім. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған

мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-бөлім. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тіл саясаты комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

"Шайсұлтан Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
